



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Халықаралық құқықтың
субъектілері



Кез келген құқық жүйесіндегі тұлға, мейлі ол жеке тұлға не заңды тұлға болсын, белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие. Осыған байланысты жеке тұлға ұрлық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады, ал заңды тұлға келісімшарт бойынша міндеттелемерді орындамағаны үшін екінші тараптың үстінен талап арыз жасайды.

Халықаралық құқықтағы құқықтық субъектілікті түсіну үшін халықаралық жүйедегі құқықтар мен міндеттердің арақатынасы және олардың жүзеге асырылуын қарастырған жөн. Бұдан бөлек, құқыққа қабілеттіліктің құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырудағы рөлін дұрыс түсіну маңызды.

Қазіргі халықаралық құқықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі – ол қатысушылардың әр алуандығы. Олардың қатарына мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, жария және жеке компаниялар, айрықша мәртебесі бар тұлғалар мен жалпы жеке тұлғалар кіреді. Әрқайсысы белгілі бір деңгейде халықаралық құқыққа әсер етеді. Бұдан бөлек, олардың қатарына халықаралық терроризмге қатысы бар топтарды да жатқызуға болады. Халықаралық құқықтың жекелеген салалары осындай тұлғалардың қалыптасуында өте маңызды рөл атқарады. Адам құқықтары, қарулы қақтығыс және халықаралық экономика құқығы түрлі ұйымдардың қатысуында айрықша маңызға ие болды. Сонымен қатар, олардың құқықтық субъектілігін дамытты. Мемлекет санатына жатпайтын ұйымдар мен тұлғаларды ағылшын тілінде бір сөзбен – non-state (non-стейт) немесе мемлекеттік емес субъектілер деп атайды. Бұл – заңды құбылыс, себебі, халықаралық құқықтың басты субъектісі – мемлекеттер. Ал егер қалған қатысушыларды өзара, әрі олардың халықаралық құқыққа немесе халықаралық құқықтың оларға ықпалын салыстырсақ, бір қарағанда, олардың арасында айырмашылық бар деп сеніммен айту қиын.

Мемлекеттер

Халықаралық құқықтық жүйедегі әртүрлі факторлар мен қатысушылар санының артуына қарамастан, мемлекет құқықтың ең маңызды субъектісі болып қала береді. Оның үстіне, жаһандандудың қарқыны, онымен қабаттаса келген өзгерістерге ірге бермей, мемлекеттер адамзаттың әлеуметтік қызметінің қызу ортасы ретінде орнын сақтап келеді. Бұл халықаралық құқық үшін өте маңызды сипаттамалардың бірі.

Мемлекеттіліктің құрылуы

1933 жылғы Мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері туралы Монтевидео конвенциясының 1-бабы халықаралық құқықтағы мемлекеттіліктің өлшем-шарттарын (яғни, критерийлерін) бекіткен болатын. Ол бойынша мемлекет халықаралық тұлға ретінде келесідей элементтерге сәйкес болуы керек: тұрақты халық, белгілі бір территория, үкімет, басқа мемлекеттермен қатынасқа түсуге қабілеті. Югославия бойынша Еуропа конференциясының Арбитраждық комиссиясы өзінің №1 қорытындысында «мемлекет ұйымдастырылған халық пен территориядан құралған қауымдастық деп анықталады» және «мұндай мемлекеттің негізгі сипаты – егемендік» деген тұжырым жасады. Сонымен қатар, Арбитраждық комиссияның пікірінше, ішкі саяси құрылым нысаны және конституциялық ережелер жай факт ретінде қабылданады. Дегенмен бұл қосымша элементтерді мемлекеттің халық пен территорияға таралатын құзірет-билігін анықтау үшін назарға алғанымыз жөн. Бұл элементтер бұлжымас талаптар емес. Халықтардың өзін-өзі анықтауы және тануы сияқты принциптерде мемлекеттіліктің қалыптасуында зор рөл атқарады. Бұл принциптерді талқыламас бұрын жоғарыда аталған мемлекеттіліктің негізгі элементтеріне тоқтала кетейік.

1. Тұрақты халықтың болуы. Бұл табиғи талап және ол халық санына тәуелді емес. Мысалы, Науру және Тувалу сияқты Тынық мұхитында орналасқан арал – мемлекеттердің халқының саны 11–12 мыңнан аспайды. Алайда Фолкленд аралдарындағы қақтығысқа қатысты айтылған проблемалардың бірі – өзін-өзі анықтау мәселесін шешу кезінде лайықты



минимумның болуы еді. Бұл келешекте аталған мәселе тереңірек зерделеуді талап ететінін көрсетеді. Өйткені деколонизация сәтін күтіп жатқан тағы да бірнеше аралдар бар.

2. Белгіленген территорияға қажеттілік, ең бірінші кезекте, мемлекеттің қызметі үшін белгілі бір территориялық базаға зәруліктен туындайды. Дегенмен халықаралық құқықта нақты анықталған шегара бекітуге аса қажеттілік жоқ. Тіпті көршілерімен шегарасы демаркациясында шешілмеген даулары болса да, мемлекет құқықтық тұлға ретінде таныла береді. Кітаптың авторы Малколм Шоу, бұл орайда, мемлекет өз территориясында, тіпті, ол нақты анықталмағанына қарамастан абсолютті суверинететін жүзеге асыруы тиіс деген байлам жасайды. Сәйкесінше, Малколм Шоу 1988 жылғы қарашада өткен Алжирдегі конференцияда Палестина мемлекетін жариялау заңсыз, ол толыққанды, құқықтық негіздегі мемлекет болып саналмайды. Өйткені өзінің меншігі деп есептейтін аумақтың бірде бір бөлігіне Палестина билігі деп қорытынды жасайды.

Малколм Шоу ағылшын жазушы-құқықтанушысы ретінде бұл мәселеде Ұлыбритания үкіметінің ұстанымын қолдап отырғаны анық. Біріккен Корольдіктер кейбір мемлекеттер сияқты Палестинаны дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде таныған жоқ. Дегенмен Қазақстан Республикасы Палестина мемлекетінің тәуелсіздігін 1992 жылы 6 сәуірде танығанын және еліміздің елордасы – Астанамызда Палестина мемлекетінің өз елшілігі бар екенін еске салайық. Бүгінгі таңда Палестинаны ресми түрде 135 мемлекет мойындады. Бірақ БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің үш тұрақты мүшесі – АҚШ, Франция және Ұлыбритания Палестинаны мойындамайды. Сондықтан ол БҰҰ-ның тұрақты мүшесі статусын ала алмай келеді. Тарихта территориялары даулы басқа да мемлекеттер болған. Мысалы, Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі Албанияны шегарасы даулы болса да, көптеген елдер мойындаған. Ондаған жылдар бұрын шегарасы әлі толық реттелмегеніне, араб көршілерімен ұдайы соғыс жағдайында отырғанына қарамастан, Израильді көптеген ұлттар, сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы тәуелсіз мемлекет ретінде мойындады. Сондықтан Малколм Шоу белгілі бір елді мекенде тұрақты халықтың болуы маңызды дейді. Десе де, адамдар қауымы мекендеген жердің нақты шегарасы белгісіз болуы мүмкін.

3. Мемлекеттегі кез келген халық орталық басқарушыны немесе үкіметті талап етеді. Дегенмен Малколм Шоудың пікірінше, бұл мемлекетті тәуелсіз деп тану үшін міндетті шарт емес. Сонымен қатар, бұл жерде «үкімет» сөзі біздің түсінгіміздегі биліктің атқарушы тармағына жатпайды. Негізгі көрсеткіш – анық саяси-элеуметтік құрылым. Тіпті атқарушы және заң шығарушы органдардың күрделі аппараты да қажет емес? Егеменді мемлекеттіліктің толыққанды критерийі болуы үшін өкімет немесе мемлекеттік аппарат қандай болуы керек? Малколм Шоудың пікірінше, бұл жағдайда негізгі фактор – үкіметтің бақылауына жатпайтын, басқа мемлекет халықаралық құқыққа сүйене отырып, таласа алатын территорияның шегі, яғни бұл жерде «өкімет территориялық бақылауды қаншалықты тиімді жүргізіп отыр?» деген сұрақ туындайды.

XIX ғасырдағы тәуелсіз мемлекеттер үкімет толық саяси бақылау орнату қажеттігін меңзейтін «өркениет» ұғымымен тығыз байланысты еді. Бұл ұстаным әкімшілік реттеудің дамуы деңгейі және жағдайына қарамастан, бағынышты халықтардың егемендікке қол жеткізуін мүлдем елемеді. Сол себепті, 1920 жылы Ааланд аралдары (Aaland Islands) жөніндегі істе Заңгерлердің халықаралық комитеті Финляндияның егемен ел ретінде қалыптасуының нақты күнін анықтау өте қиын екенін айтты. Аталған ұйым сарапшыларының пікірінше, егемен мемлекет тұрақты саяси ұйымы құрылмаса, сондай-ақ, мемлекеттік органдар территориялық билігін шетелдік күштердің көмегінсіз жүргізуге қауқарлы болмаса, егемен ел болуы мүмкін емес.

Қазіргі таңда ұстанымдар біршама өзгерді. Хорватияның қалыптасуы, сондай-ақ, Босния және Герцоговинаның егемен ел атануы, ең әуелі, тиімді билік (бақылау) жүргізудің заманауи критерийлерімен тығыз байланысты. Осылайша аталған мемлекеттер осы елдердің территориясының басым бөлігін бақылауында ұстаған халықаралық күштердің арқасында егемендігіне қол жеткізді. Оның басында Біріккен Ұлттар Ұйымы болды. Бұдан өкіметтің тиімді бақылау орнатуы мемлекет құру үшін маңызды екенін түсінеміз. Алайда ылғи өкімет бақылауы мүмкін, халықаралық ұйымдар да бақылауды жүзеге асыра алады.

4. Басқа мемлекеттермен ынтымақтастық орнату қабілеті – халықаралық құқықтық субъектіліктің және оны басқа елдердің мойындауының белгісі. Бұл қабілет егемендікпен



шектелмейді. Себебі халықаралық ұйымдар, тәуелді мемлекеттер және басқа да тұлғалар халықаралық құқықтың ережелеріне сәйкес басқа тұлғалармен қарым-қатынасқа түсе алады. Бірақ егеменді мемлекет үшін құқықтық қарым-қатынас қалыптастыру төтенше маңызды. Егер мемлекет өз бетімен құқықтық қарым-қатынасқа түсе алмаса, егемен ретінде саналмайды.

Бұндай қабілеттің негізі – тәуелсіздік. Бұл жерде формальды тәуелсіздік пен іс-жүзіндегі тәуелді болуды ажыратқан жөн. Барлық мемлекеттер тең құқылы, бірақ халықаралық құқық нормаларын орындауға міндет алғандықтан, олардың әрқайсысы белгілі бір деңгейде тәуелді.

Өзін-өзі анықтау

Бұл принцип өкіметтің тұрақтылығы пен тиімділігіне негізделген. Сонымен қатар, өкіметтің өкілеттік және демократиялық сипатын қаперге алу қажет. Дегенмен мемлекеттің өзін-өзі анықтау принципінің дамуы үкімет тиімділігі деңгейінің төмендеуіне алып келді. Кем дегенде, бұндай тәжірибе деколонизация кезеңінде жиі орын алды. Алдағы мысалдарда осы жағдайды суреттейміз.

Белгиялық Конго 1960 жылдың 30 маусымында тәуелсіздігіне қол жеткізді. Ол кезде көптеген тайпалар бір-бірімен қырылысып жатты. Белгиялық әскерлер елге кіріп, Катанга провинциясы бөлініп кетті. Нәтижесінде өкімет екіге жарылып, әр тарап өзін өкімет өкілі ретінде көрсеткісі келді. Осыған қарамастан, Конгоны көптеген елдер тәуелсіз мемлекет деп танып, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Бөлінген үкіметтің қос тарабы да Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясынан оларды мойындауын өтінді. Ақыры соңында Бас Ассамблея мемлекет басшысы жіберген өкілді қабылдап, премьер-министрдің өкілін қайтарды. Биліктегі қиын жағдайға қарамастан, Конго сөйтіп тәуелсіздікке ие болды.

Португалия колониясы Гвинея-Биссауда мүлдем басқа жағдай орын алды. 1972 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Арнайы миссиясы азат етілген аймақтарға аттанып, колония билігі территорияның басым бөлігін басқара алмай отыр деген қорытынды жасаған. 1973 жылы 24 сәуірде Гвинея мен Кабо-Верденің Африка партиясы Гвинея-Биссау Республикасын тәуелсіз ел деп жариялады. Бас Ассамблеяда Гвинея-Биссау территориясының кейбір жерлеріне португал әскерлерінің заңсыз басып кіру мәселесі қаралды және кейбір мемлекеттер тәуелсіздікті сақтап қалуды қолдады. Ал батыс мемлекеттері мемлекеттіліктің талаптары толықтай орындалды деген тұжырыммен келіспей қойды. Осыған қарамастан, 93 мемлекеті Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 3061 резолюциясын қолдап дауыс берді. Резолюция мәтінінде «Гвинея-Биссау халқы тәуелсіздікке қол жеткізді әрі Гвинея-Биссау Республикасы атты егемен ел/мемлекет құрылды» деп жазылған.

Мемлекеттіліктің жоғалуы

Мемлекеттілікті жоғалту бірігу, жұтылу және аннексия салдарынан болуы мүмкін. Билік (өкімет) жиі ауысады, ал мемлекеттің жоғалуы өте сирек кездеседі. Халықаралық құқық бойынша мемлекет заңсыз күш қолдану немесе мемлекеттің ішіндегі тұрақсыздық кесірінен мемлекеттілігін жоғалтпайды. Бірақ бұл мемлекеттер келіскен кезінде де орын алуы мүмкін. Осыған байланысты бірнеше мысал келтірейік.

1990 жылы 22 мамырда солтүстік және оңтүстік Йемен бірігуі нәтижесінде бір мемлекет – Йемен Республикасы құрылды. Сол жылдың 3 қазанында шығыс және батыс Германияның қосылуы нәтижесінде Германия Федеративті Республикасы пайда болды.

Мемлекеттілікті жоғалтудың тағы бір мысалы ретінде 1993 жылы 1 қаңтарда Чехословакияны бөлініп, орнына жаңа екі мемлекет – Чехия Республикасы және Словакияның пайда болғанын айтсақ болады. 1991 жылы Кеңес Одағының құлауы (дезинтеграция) көптеген мемлекеттердің құрылуына әкелді. Ресей Федерациясы КСРО-ның мирасқоры ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты мүшелігін сақтап қалды. Салыстырмалы түрде Югославия Федералды Социалистік Республикасының бөлінуін келтірейік. 1992 жылы



4 шілдеде қабылданған Югославия Арбитраждық Комиссиясының №8 пікіріне сәйкес Одақтас Югославия Социалистік Республикасы бірнеше бөлікке бөлініп, өмір сүруін тоқтатты. Бұл қорытынды жасауға бірнеше факт негіз болды: 1) Словения, Хорватия және Босния мен Герцеговина жаңа мемлекеттер ретінде танылды; 2) Сербия мен Черногория Югославия Одақтас Республикасының жаңа Конституциясын қабылдады; Біріккен Ұлттар Ұйымының Одақтас Югославия Республикасы жөнінде резолюциясы қабылданды. Қазіргі таңда Сербия мен Черногория бір-бірінен дербес ел.

Мемлекеттердің негізгі құқықтары

Мемлекеттердің іргелі құқықтары халықаралық құқықтық тәртібі аясында іске асады және оның субъектілерінің сипатын анықтайды. Осы дәрісте біз мемлекеттердің негізгі құқығының үш іргелі категориясына көбірек тоқталамыз. Олар: тәуелсіздік, теңдік және бейбіт қатар өмір сүру.

Мемлекеттің тәуелсіздігі – оның ең маңызды сипаты. Тұрақты Халықаралық сот тәуелсіздіктің табиғаты мен мәніне 1931 жылы Австрия-Германия кеден одағы бойынша істе қарады. Бұл істе неміс тілінде сөйлейтін екі мемлекеттің арасындағы еркін сауда бойынша кеден құқығын жасасу келісімі және осы шешімнің 1919 жылғы бейбіт халықаралық шарттарға сәйкестігі тексерілді. Бұл шарт 1922 жылғы қабылданған Хаттамамен бірге Австрияға өз тәуелсіздігін тәуекелге душар етуге тыйым салған еді. Сот өз шешімінде кеден одағы Австрияның егемендігіне кері әсерін тигізеді деп атап өтті. Судья Анзилоттидің айтуынша, кеден құқығы немесе басқа да шарттық міндеттермен мемлекет еркіндігін шектеу оның тәуелсіздігіне әсер етпейді. Егер мұндай шектеулер бір мемлекетті екінші мемлекеттің юрисдикциясына бағынышты қылмаса, бірінші мемлекет өзінің егемендік статусын жоғалтпайды.

Тәуелсіздік концепциясы өзіне әртүрлі құқықтар мен міндеттерді біріктіреді. Солардың бірі – мемлекеттің ішкі ісіне араласпау. Малколм Шоудың пікірінше, мемлекеттің ішкі ісі түсінігі – әрдайым өзгермелі стандарт және талқылауға ашық тақырып. Бұдан бөлек, Шоу адам құқықтары және нәсілшілдік мәселесі сұрақтар ендігәрі жабық ішкі юрисдикция аясына кірмейді деп есептейді. Бұған 1991 жылғы Еуропа Қауымдастығы жариялаған мәлімдеме негіз бола алады. Аталған мәлімдемеде «адам құқықтарын және негізгі еркіндікті қорғау мемлекеттің ішкі ісіне араласу болып саналмайды» деп сендірілген болатын.

Мемлекеттердің құқықтары мен міндеттерінің теңдігі – мемлекеттің заңдық теңдігі, яғни күші мен көлеміне қарамастан, мемлекеттердің құқықтық қабілеті мен функциялары (қызметтері) бірдей. Осы ережеге сәйкес әр мемлекет БҰҰ Бас Ассамблеясының отырыстарында бір ғана дауысқа ие.

1970 жылы қабылданған Халықаралық құқықтың принциптері туралы Декларация осы ережеге сәйкес барлық мемлекеттерге тән құқықтар мен міндеттерді белгілейді:

- Мемлекеттер заңдық-құқықтық тұрғыдан тең;
- Кез келген мемлекет егемендікке сәйкес барлық құқықтарын іске асыра алады;
- Кез келген мемлекет басқа мемлекеттердің құқыққа қабілеттілігін құрметтейді.

Мемлекеттің территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігі мызғымас берік.

Әр мемлекет өзінің саяси, қоғамдық, экономикалық және мәдени жүйелерін өз бетінше таңдауға және дамытуға құқығы бар. Әр мемлекет халықаралық міндеттемелерін адал және толық орындауға және басқа мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүруге міндетті.

Бейбіт қатар өмір сүру принципіне келсек, әртүрлі елдердің бұл ұғым туралы түсінігі, жалпылай алғанда бірдей. Үндістан мен Қытай 1954 жылы өзара Бейбітшіліктің бес негізгі принципін келіскен болатын. Оларға территориялық тұтастық пен егемендікке өзара құрмет, агрессия көрсетпеу, мемлекеттің ішкі ісіне араласпау және теңдік принципі жатады. Африка Одағы ұйымының Жарғысында егемендік теңдігі және бір мемлекеттің екінші мемлекетке зиян келтіру әрекеттерін айыптау принциптері бар.



2016 жылы 25 маусымда қабылданған Ресей және Қытай арасындағы Халықаралық құқыққа ықпалдасу декларациясы 1954 жылы бекітілген Үндістан мен Қытай арасындағы бейбітшіліктің бес негізгі принципінің маңыздылығы мен жалғастығын тағы да мәрте дәлелдеді.

Сұрақтар

1. Сіздің ойыңызша, неге басқа емес, мемлекеттер халықаралық құқықтың негізгі субъектілері болып қалыптасты?
2. Мемлекеттілікке сай болудың негізгі талаптары қандай?
3. Қайсысы бірінші қалыптасты: құқықтық субъектілік пе, әлде мемлекеттілік пе?

Әдебиеттер

1. A. Cassese, *Self-Determination of Peoples*, Cambridge, 1995.
2. J. Crawford, *The Creation of States in International Law*, 2nd edn, Oxford, 2006.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 47-64.
4. Кулжабаева Ж.О., *Международное публичное право. Общая и Особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 4.
5. M.Shaw, *International Law*, p. 155-170.